

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 6-тармағын орындау үшін «Қазақэроавиация» РМК 2025 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді тыңдауды өткізеді. Тыңдау Астана қаласы, Есіл ауданы, Е522 көшесі, №15 ғимарат мекенжайы бойынша 2025 жылғы 31 шілде күні сағат 11.00-де өтеді.

Табиғи монополия саласына мына реттеліп көрсетілетін қызметтер жатқызылады:

1) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

2) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

Авиакомпаниялардың өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылады.

«Қазақэроавиация» РМК заңды мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е522 көшесі, №15 ғимарат.